



Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы

# Сапа бойынша есеп

*2021 жылға Қазақстан Республикасындағы  
кітапхана қызметі туралы*

## Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

## S.1 Байланыс деректері

### S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

### S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті

### S.1.3 Байланыс адамының аты

Аккушкарова Сымбат Жанатбекқызы

### S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Қарауылова Гүлмира Сайлаубекқызы

### S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Астана қ., Есіл ө. сол жақ жағалауы, Мәңгілік ел көшесі,  
8 Министрліктер үйі, 4 - кіреберіс

### S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

s.akkushkarova@aspire.gov.kz

### S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172)74-93-26

## S.2 Өзектілік- кіріспе

Мәдениет - адамзат жасайтын және адамдардың рухани қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы.

Мәдениет статистикасын қалыптастырудың негізі мәдениет мекемелерінің статистикалық есептері болып табылады, олардың бірі "Кітапхана қызметі туралы есеп" 1-кітапхана нысаны болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, жергілікті атқарушы органдар және басқа да ведомстволар, жеке және заңды тұлғалар негізгі пайдаланушылар болып табылады. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросында әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттердің, мүдделі мемлекеттік органдардың, сонымен қатар "Атамекен" ҰКП өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтары) отырыстары өткізіледі, онда жалпымемлекеттік статистикалық нысандар көрсеткіштерінің өзектілігі және ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандары көрсеткіштерімен қайталанбауын болдырмау мәніне егжей-тегжейлі талдау жүргізіледі. Пайдаланушылармен кері байланыс Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының блогы арқылы жүзеге асырылады.

## S.3 Метадеректерді жаңарту

### S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

24.05.2019

### S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

24.05.2019

### S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңару

24.05.2019

## S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

### S.4.1 Деректерді сипаттау

Кітапхана - ақпараттық, мәдени, білім беру функцияларын орындайтын, баспа және қолжазба құжаттарының ұйымдастырылған қоры, графикалық, дыбыстық-көрініс материалдары, электронды жеткізгіштерде құжаттары бар және оларды жеке және заңды тұлғаларға уақытша пайдалануға беретін мәдениет ұйымы.

Кітапханалар әмбебап, салалық, салааралық, жасөспірімдік, балалар кітапханалары, сондай-ақ көрмейтін және нашар көретін азаматтар үшін арнайы кітапханалар болып бөлінеді.

Кітапханалар бойынша статистикалық байқаулардың объектілері:

- 1) кітапханалар және олар орналасқан алаңы, пайдаланушылар, оқу залдарындағы орындар мен келушілер, жылжымалы пункттер, кітапханадағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саны;
- 2) кітапхана қорларын қалыптастыру, сақтау, пайдалану, баспа және қолжазба құжаттарын, сондай-ақ графикалық, аудиовизуалдық материалдарды, электрондық жеткізгіштегі құжаттарды беру болып табылады.

### S.4.2 Жіктеу жүйесі

Зерттеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1) ЭАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;
- 2) ЭҚЖЖ - Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 3) МНЖ - Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;
- 4) КӨЖ - Заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің, сондай-ақ қызметкелердің саны бойынша дара кәсіпкерлік субъектілерінің мөлшерлілігі жіктеуіші.
- 5) ЭСЖ - Экономика секторларының жіктеуіші.

Аталған жіктеуіштер Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет ресурсындағы негізгі бетте «Жіктеуіштер» орналастырылған.

### S.4.3 Секторлық қамту

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің кодына сәйкес негізгі немесе қосалқы қызмет түрі 91.01.2 «Оқырмандар залын, лекторийлар, көрсету залдарының қызметін қоса алғанда кітапхана қызметі» болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер ұсынады

#### S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар

1) Кітапхана қызметінің көрсеткіштерін қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 5 желтоқсандағы № 301 бұйрығымен бекітілген Мәдениет статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру әдістемесі негіз болып табылады. Әдістеме Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 16 қаңтарда № 14679 болып тіркелді;

2) Респонденттер тобы: Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің кодтарына сәйкес негізгі немесе қосалқы қызмет түрлері – 91.01.2 «Оқырмандар залын, лекторийлар, көрсету залдарының қызметін қоса алғанда кітапхана қызметі» болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер.

3) Құралдар: «Кітапхана қызметі туралы есеп» (коды 211112094, индексі 1- кітапхана, кезеңділігі жылдық) статистикалық нысаны.

4) Байқау типі: жаппай;

5) Респонденттердің ұсыну мерзімі есепті кезеңнен кейінгі 27 қаңтарға (қоса алғанда) дейін. Осы статистикалық нысанды ұсыну тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Нысан соңғы рет 2021 жылы қайта қаралды, статистикалық нысан Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) интернет-ресурсындағы Респонденттерге - 2022 жылғы статистикалық нысандар - Жылдық нысандар бөлімінде орналастырылған.

б) Анықтама: Кітапхана ісі - міндеттеріне кітапханалар желісін құру және дамыту, олардың қорларын қалыптастыру және өңдеу, кітапхана пайдаланушыларына кітапханалық, ақпараттық және ақпараттық- библиографиялық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, кітапхана кадрларын даярлау мен олардың біліктілігін арттыру, кітапханалардың дамуын ғылыми және әдістемелік қамтамасыз ету кіретін мәдениет саласы.

Кітапхана - ақпараттық, мәдени, білім беру функцияларын орындайтын, баспа және қолжазба құжаттарының ұйымдастырылған қоры, сондай-ақ графикалық, дыбыстық-көрініс материалдары, электронды жеткізгіштерде құжаттары бар және

оларды жеке және заңды тұлғаларға уақытша пайдалануға беретін мәдениет ұйымы.

Қоры тек қана электронды жеткізгіштердегі құжаттардан тұратын кітапхана (электронды кітапхана) пайдаланушылармен жанама түрдегі (қашықтықта) немесе толық емес жанама түрдегі өзара іс-қимыл кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

#### S.4.5 Статистикалық объект

Кітапханалар бойынша статистикалық байқаулардың объектілері:

- 1) кітапханалар және олар орналасқан алаңы, пайдаланушылар, оқу залдарындағы орындар мен келушілер, жылжымалы пункттер, кітапханадағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саны;
- 2) кітапхана қорларын қалыптастыру, сақтау, пайдалану, баспа және қолжазба құжаттарын, сондай-ақ графикалық, аудиовизуалдық материалдарды, электрондық жеткізгіштегі құжаттарды беру болып табылады.

#### S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігін іріктеу қағидаты)

Жаппай зерттеу: Кітапхана қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер ұсынады.

#### S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана).

#### S.4.8 Қамту уақыты

Қазақстанда кітапханалар бойынша зерттеу жыл сайынғы негізде 2001 жылдан бастап жүргізіледі. 2001-2021 жылдардағы уақыттық қатарлар бар. Уақыттық қатарлар ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының Интернет ресурсында, Ресми статистика – Салалар бойынша – Мәдениет статистикасы – Динамикалық кестелерде орналастырылған;

#### S.4.9 Базалық кезең

Зерттеу жылының алдындағы жыл базалық кезең болып есептеледі.

#### S.5 Өлшем бірлігі

Бірлік.

#### S.6 Есепті кезең

Жылына бір рет.

#### S.7 Құқықтық негіз

##### S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010

жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары.

4. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 23 қыркүйектегі №20 бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспары.

5. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.

6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.

7. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

8. «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы №207 Заңы.

## S.8 Күпиялылық және деректерді қорғау

### S.8.1 Күпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің күпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық күпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық

қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі–Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы шартында Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

#### S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

#### S.9 Жарияланымдар саясаты

##### S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257 Заңының 26-бабы 1, 2-тармақтарына сәйкес. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖЖРА ҰСБ [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Негізгі» // «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналастырылған.

##### S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖЖРА ҰСБ [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Негізгі» // «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналасқан.

##### S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес Статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген көлемде таратылуға жатады.

Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға мемлекеттік статистика органдарының интернет-ресурсында орналастыру арқылы сапалы әкімшілік статистикалық ақпаратты және статистикалық әдіснамаға бір мезгілде және теңдей қол жеткізуге құқықтарын қамтамасыз етеді.

ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz). сайты.  
Ресми статистика > Салалар бойынша > Мәдениет статистикасы > Жедел деректер (бюллетеньдер, негізгі көрсеткіштер, серпінділік кестелері)

#### S.10 Тарату жиілігі

Жыл.

#### S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық



### S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламалары қалыптастырылмайды.

### S.11.2 Жарияланымдар

1) "Қазақстан Республикасындағы кітапхана қызметі туралы" статистикалық бюллетені ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының Интернет ресурсында, Ресми статистика – Салалар бойынша – Мәдениет статистикасы – Бюллетеньдерде орналастырылған;

2) "Қазақстан Республикасындағы мәдениет" статистикалық жинағы ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының Интернет-ресурсында, Ресми статистика – Салалар бойынша – Мәдениет статистикасы – Жарияланымдарда орналастырылған;

3) Негізгі көрсеткіштер және серпінділік кестелері ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросы Интернет-ресурсында, Ресми статистика > Салалар бойынша – Мәдениет статистикасында орналастырылған.

### S.11.3 Он-лайн режимдегі деректер базасы

"Талдау" ақпараттық - талдамалық жүйесінде орналастырылған - Статистика бөлімдері - Мәдениет статистикасы.

#### S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған.

### S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ұсыну Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында орналастырылған) Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидаларымен реттеледі.

### S.11.5 Өзге де

#### S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

## S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

### S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1) "Мәдениет статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 5 желтоқсандағы №301 бұйрығымен бекітілді және ҚР Әділет министрлігінде 2017 жылғы 16 қаңтарда № 14679 болып тіркелді. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет-ресурсында "Әдіснама" - Мәдениет статистикасы бөлімінде орналастырылған;

2) "Статистика бойынша әдіснамалық ережелер 2018 жыл" төртінші басылым, толықтыру. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының

[www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет ресурсында "Әдіснама" бөлімінде орналастырылған;

3) ЮНЕСКО-2009 мәдениет статистикасының жүйесі, [www.uis.unesco.org](http://www.uis.unesco.org) Интернет-ресурсында орналастырылған.

#### S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросы басшысының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы №53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы №63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

#### S.13 Сапаны басқару

##### S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Мәдениет статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы қабылданған рәсімдермен құпталады:

- әкімшілік көздер ұсынған мәдениет мекемелерінің тізбесін мониторингтеу.

- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау.

- тауарлардың, өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану;

- алғашқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленген және енгізілген;

- алғашқы статистикалық деректердің анықтығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңнамалық тұрғыдан бекітілген;

- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (серпінде).

##### S.13.2 Сапаны бағалау

Мәдениет статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 5 желтоқсандағы № 301 бұйрығымен бекітілген.

#### S.14 Өзектілік

##### S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: Қазақстан Республикасы Мәдениет

және спорт министрлігі, жергілікті атқарушы органдар және басқа да ведомстволар, жеке және заңды тұлғалар.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Q-002 "Пайдаланушыларға сауал салу" сауалнамасына сәйкес жыл сайын ресми статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы – үлес

Қолданылмайды.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Дәлдік пен сенімділікті талдау вариация коэффициенті арқылы соңғы бес жыл ішінде кітапханаға келушілер бойынша есептелген. **Вариация коэффициенті** - кездейсоқ шаманың стандартты (орташа квадраттық) ауытқуының оның математикалық күту қатынасына тең, статистикада қолданылатын шама. Ол әр түрлі орташа арифметикалық мәнмен бірнеше жиынтықта бірдей белгінің өзгергіштігін салыстыру үшін қолданылады.

**Вариация коэффициенті** мына формула бойынша есептеледі:

$$C_v = (\sigma/k) * 100\%,$$

мұндағы  $\sigma$ -кездейсоқ шаманың орташа квадраттық ауытқуы;


k-кездейсоқ шаманың күтілетін (орташа) мәні.

Статистикада бұл:

- егер вариация коэффициенті 10%-дан аз болса, онда деректердің шашыраңқылығы дәрежесі маңызды емес болып саналады;
- егер 10% - дан 20% - ға дейін - орташа;
- 20% - дан көп немесе 33% - ға тең – маңызды деп қабылданған.

Егер вариация коэффициентінің мәні 33% - дан аспаса, онда жиынтық біртекті, ал егер 33% - дан көп болса, онда біртекті емес болып саналады.

## Қазақстан Республикасындағы кітапханаларға келушілер бойынша вариация коэффициенті



2017-2021 жылдар аралығындағы кітапханаларға келушілерді талдау көрсеткендей, деректер 2021 жылға дейін жеткілікті деігейде біртекті емес болды.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ А1.

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 А2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 А3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 А4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 А5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Респонденттер ұсынған мерзімнен бастап «Қазақстан Республикасындағы кітапхана қызметі туралы» бюллетенінің бірінші жариялануымына дейінгі алғашқы нәтижелерді өңдеуге жұмсалған уақыт орта есеппен 62 күнді құрайды. Бюллетеньде нәтижелер Статистикалық жұмыстар жоспары бойынша жыл сайын 30 наурызда жарияланады, олар түпкілікті болып табылады.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

### S.16.2.1 Ұқыптылық/ТРЗ

Деректер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады. Нақты және жоспарлы күндер сәйкес келеді, 2021 жылға жариялау мерзімінің бұзылуы болған жоқ. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күндеріне түссе, жарияланымды шығару келесі күнге ауыстырылады.

## S.17 Салыстырмалылық

### S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасының өңірлер арасында деректер салғастырмалы.

#### S.17.1.1 Ағындардың айналы статистикасы бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

Қолданылмайды.

#### S.17.2 Салыстырылатын уақыттық қатарлардың ұзақтығы/СС2

2001 жылдан бері жылдық негізде жүргізіледі. 2001-2021 жылдарға серпінділік қатарлар бар.


## S.18 Келісушілік

### S.18.1 Сыртқы айқасқан келісушілік

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі мәдениет мекемелері туралы статистикалық деректерді Үкімет баяндамасын қалыптастыру және әр түрлі бюджеттік бағдарламаларды қалыптастыру кезінде есептеу үшін пайдаланады.

### S.18.2 Ішкі келісушілік

Кітапханаларға келушілердің басқа мәдениет мекемелеріне келушілермен келісімділігі төменде келтірілген.



Диаграммада көрсетілгендей, карантиндік шараларына және мәдениет мекемелері жұмысының шектеу режимін енгізуге байланысты үш көрсеткіш бойынша 2020 жылы күрт құлдырау болды. 2021 жылы шектеу карантин шараларын алып тастауға байланысты келушілер санының өсуі байқалды.

#### S.19 Жүктеме

Деректерді жинау респонденттің қалауы бойынша қағаз жеткізгіште және электрондық түрде жүзеге асырылады. Деректерді онлайн-режимде жинау кезінде респондент үшін әдеттегі енгізу қателеріне жол бермейтін автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген. Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолдана отырып автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратты бақылау қарастырылған. Нысанды толтыруға жұмсалған орташа уақыт 1-2 сағатты құрайды. Басқа зерттеулермен қайталау жоқ. Әкімшілік деректер тек респонденттерді қамтуды қамтамасыз ету үшін ғана пайдаланылады. 2021 жылы есеп берген респонденттер саны 338 бірлікті құрады.

#### S.20 Деректерді қайта қарау

##### S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Деректер 26.04.2022ж. қайта жарияланды.

#### S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

##### S.21.1 Бастапқы деректер

Мәдениет статистикасы бойынша статистикалық ақпарат "Кітапхана қызметі туралы есеп" 1-кітапхана нысаны бойынша респонденттердің алғашқы есептерінің негізінде қалыптастырылады.

##### S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Жыл.

##### S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Кітапханалар статистикасы бойынша статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру ҚР СЖРА ҚСБ Интернет-ресурсында ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналастырылған "Деректерді on-line режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

##### S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректердің сапасын жақсарту, статистикалық нысанды толтыру анықтығын тексеру және статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауаптардың жоқ болуын азайту мақсатында алғашқы деректерді электрондық форматта енгізу деңгейінде анықтығын тексеру айқындалған, сондай-ақ алғашқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-

логикалық бақылаулар енгізілген.

Форматты-логикалық бақылаулар: бөлімдер арасында, бөлімдер ішінде.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Алдағы уақытта деректер сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.